

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства

**Беріктігі жоғары керамогранит тақталарынан еден
төсеу жұмыстарын жүргізудің**

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

ТЕХНОЛОГИЧЕСКАЯ КАРТА

**на устройство пола плитами повышенной
прочности из керамогранита**

ТК 3.02-05-2012

Ресми басылым
Издание официальное

**Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын
үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі**

**Агентство Республики Казахстан по делам строительства
и жилищно-коммунального хозяйства**

Астана 2012

ТК 3.02-05-2012. Технологиялық карта

ТК 3.02-05-2012. Технологическая карта

Алғы сөз

- | | |
|--|--|
| 1. ӨЗІРЛЕГЕН | «ҚазҒЗСТҚСИ» РМК |
| 2. ҰСЫНҒАН | ҚР Құрылыс және ТКШ істері агенттігінің Ғылыми-техникалық саясат және нормалау департаменті |
| 3. ҚАБЫЛДАҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ | ҚР Құрылыс және ТКШ істері агенттігінің 10.12.2012 жылғы № 605 бұйрығымен 01.05.2013 жылдан бастап |
| 4. ОРНЫНА | алғашқы рет |

Предисловие

- | | |
|---------------------------------|--|
| 1. РАЗРАБОТАНЫ | АО «КазНИИСА» |
| 2. ПРЕДСТАВЛЕНЫ | Департаментом научно-технической политики и нормирования Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства |
| 3. ПРИНЯТЫ И ВВЕДЕНЫ В ДЕЙСТВИЕ | Приказом Агентства РК по делам строительства и ЖКХ от 10.12.2012 года № 605 с 01.05.2013 года |
| 4. ВЗАМЕН | впервые |

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК.

Мазмұны

1 Жалпы ережелер.....	1
2 Қолдану аясы	1
3 Нормативтік сілтемелер	2
4 Негізгі қолданылатын материалдар мен бұйымдардың сипаттамасы	3
5 Жұмыс жүргізуді ұйымдастыру және оның технологиясы	4
6 Материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік.....	14
7 Жұмыс сапасына қойылатын талаптар	18
8 Қауірсіздік техникасы және еңбекті қорғау	22
9 Еңбек шығысының калькуляциясы	25

**БЕЛГІ ҮШІН
ДЛЯ ЗАМЕТОК**

БЕРІКТІГІ ЖОҒАРЫ КЕРАМОГРАНИТ ТАҚТАЛАРЫНАН ЕДЕН ТӨСЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУДІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

Енгізу күні 2013-05-01

1 Жалпы ережелер

1.1 Беріктігі жоғары керамогранит тақталарынан еден төсеу жұмыстарын жүргізудің технологиялық картасы Қазақстан Республикасының құрылыс объектілерінде қолдану үшін қолданыстағы нормативтік техникалық құжаттардың (НТК) талаптарына сәйкес әзірленген.

1.2 Технологиялық карта ұйымдастыру, технология және құрылыс жұмыстарын механизациялау бойынша құрылысты оңтайлы шешімдермен қамтамасыз етуге арналған.

1.3 Технологиялық картада құрғақ желімді қоспаларды қолдану арқылы дайын негіз бойынша беріктігі жоғары керамогранит тақталарынан еден төсеу жұмыстары қарастырылады.

1.4 Технологиялық карта мынадай:

- қолдану аясы;
- нормативтік сілтемелер;
- негізгі қолданылатын материалдардың сипаттамасы;
- жұмыс жүргізуді ұйымдастыру және оның технологиясы;
- материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік;
- жұмыс сапасына қойылатын талаптар;
- қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау;
- еңбек шығындарын калкуляциялау бөлімдерінен тұрады .

1.5 Жұмыс орнын ұтымды ұйымдастыру кезінде технологиялық картадағы еңбек режимі еңбек процестерін орындаудың оңтайлы қарқыны, жұмысшы бригадалар арасындағы міндеттемелерді еңбек бөлінісін есепке ала отырып нақты бөлу, құрал-сайман мен инвентарды жетілдіруді қолдану шартына сәйкес қабылданған.

2 Қолдану аясы

2.1 Беріктігі жоғары керамогранит тақталарынан еден төсеу жұмыстарын жүргізу кезінде ҚР ҚНЖЕ 1.03-05, ҚР ҚНЖЕ 1.03-00, ҚР ҚНЖЕ 2.04-10, ҚР ҚНЖЕ 3.02-03 басшылыққа алынуы тиіс.

2.2 Осы технологиялық карта құрғақ желімді қоспаларды қолдану арқылы дайын негіз бойынша көлемі 600 мм × 600 мм керамогранит тақталарынан еден төсеу жұмыстарын жүргізудің мынадай шарттарын сақтай отырып қарастырады:

- ғимараттағы қалыпты ауа температурасында және 5 °С-дан төмен емес температура кезінде керамогранит тақталарынан еден төсеуге рұқсат етіледі. Осы температура жобалау беріктігі 50 %-дан төмен емес желім қоспасын алғанға дейін сақталынуы тиіс;

- ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 60 %-дан аспауы тиіс (ҚР ҚНЖЕ 2.04-10, б-бөлім);

- ғимарат ішінде өтпе желге жол берілмейді;

- жұмыс орындарының жарықтығы МЕМСТ 12.1.046 талаптарына сәйкес келуі тиіс .

2.3 Беріктігі жоғары керамогранит тақталарынан еден төсеу жұмыстары мынадай технологиялық тізбекпен жүргізіледі:

а) дайындық жұмыстары;

б) негізгі жұмыстар

- керамогранит тақталарынан еден төсеу ;

в) қосымша жұмыстар

г) қорытынды жұмыстар.

2.4 Беріктігі жоғары керамогранит тақталарынан еден төсеудің технологиялық картасы ҚР ҚНЖЕ 1.03-05, ҚР ҚН 1.03-00, ҚР ҚНЖЕ 2.04-10, ҚР ҚНЖЕ 3.02-03 және өзге де қолданыстағы НТҚ, жұмыс жүргізу жобасын және осы технологиялық картаның 2.2-тармағын ұстана отырып, жылдың кез келген уақытында жұмыстар жүргізуді қарастырады.

2.5 Технологиялық картаны кезінде жұмыс құрамын, механикаландыру құралын, еңбек және материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілікті айқындау, сапаны бақылау, еңбек және қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шараларды дұрыстау қажет.

2.6 Осы технологиялық картаны қолдану кезінде Қазақстан Республикасы аумағында әрекет ететін, сәулет өнері, қала салу және құрылыс салаларындағы, ағымдағы жылға жағдай бойынша жасалған, сондай-ақ ағымдағы жылда жарияланған тиісті ақпараттық сілтемелер бойынша НҚА және НТҚ-ның күшіне енген нормативтік құқықтық актілердің (НҚА) және Нормативтік құқықтық актілердің тізбесі бойынша НТҚ әрекетін тексеру қажет.

Егер сілтеме жасалынған НҚА және НТҚ ауыстырылса (өзгертілсе), осы технологиялық картаны қолдану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) НҚА және НТҚ-ны басшылыққа алу тиіс .

Егер сілтеме жасалынған НҚА және НТҚ-ның қолданылуы өзгеріссіз тоқтатылса, оларға қатысты жасалынған сілтемесі бар ереже осы сілтемені негізге алмай, өз бөлігінде ғана қолданылады.

3 Нормативтік сілтемелер

Осы технологиялық картада мынадай нормативтік-техникалық құжаттарға сілтемелер қолданылған:

ҚР ТЖМ-нің 2011 жылғы 21 қазандағы №245 бұйрығымен бекітілген Жүк көтергіш крандарды орнату және олардың қауіпсіз пайдаланылуы бойынша өнеркәсіп қауіпсіздігінің талаптары.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы №1682 қаулысымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігі ережелері.

ҚР ҚНЖЕ 1.03-05-2001 Құрылыстағы еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасы.

ҚН 1.03-00-2011 Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындар мен ғимараттардың құрылысын ұйымдастыру.

ҚР ҚНЖЕ 2.02-05-2009* Ғимараттар мен құрылыстардың өрт қауіпсіздігі.

ҚР ҚНЖЕ 2.04-10-2004 Оқшауланған және жеке жабындар.

ҚР ҚНЖЕ 3.02-03-2003 Едендер.

МЕМСТ 12.1.004-91 ЕҚЖС. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

МЕМСТ 12.1.013-78 ЕҚЖС. Құрылыс. Электр қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

МЕМСТ 12.1.046-85 Құрылыс. Құрылыс алаңдарын жарықтандыру нормалары (2003 ж басыл.).

МЕМСТ 12.4.087-84 ЕҚЖС. Құрылыс. Құрылыс дулығалары. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 6787-2001 Еденге арналған керамикалық тақталар.

МЕМСТ 9416-83 Құрылыс деңгейлері. Техникалық шарттар.

MEMСТ 10597-87	Маляр бояушы қылқаламдар мен щеткалар. Техникалық шарттар.
MEMСТ 11042-90	Құрылысқа арналған болат балғалар. Техникалық шарттар.
MEMСТ 23732-79 MEMСТ 25573-82*	Бетон мен ерітіндіге арналған су. Техникалық шарттар. Құрылысқа арналған жүк асып қоятын арқандар. Техникалық шарттар.
MEMСТ 25782-90	Қағидалар, үккіштер және жартылай үккіштер. Техникалық шарттар.
MEMСТ 26433.2-94	Құрылыста геометриялық параметрлердің дәлдігін қамтамасыз ету жүйесі. Ғимараттар мен құрылыстар параметрлерін өлшеу қағидалары.
MEMСТ 31357-2007	Тұтқыр цементтегі құрғақ құрылыс қоспалары. Жалпы техникалық шарттар.

Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары. Құрылыс, жөндеу-құрылыс және монтаждау жұмыстарына (БНЖБ) арналған Бірыңғай нормалар мен бағалаулар.

ҚР Е 8.04-1-2010 Е1 жинағы Ішкі құрылыс көлік жұмыстары.


4 Негізгі қолданылатын материалдар мен бұйымдардың сипаттамасы

4.1 Керамогранит тақталары

Керамогранит тақталарының көлемі MEMСТ 6787-2001 талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Тақталардың әрбір топтамасы сапа туралы құжатпен сүйемелденуі тиіс. Тақталар өндіруші-кәсіпорынның орамасына салынады.

Керамогранит тақталар орамаларын арқанмен асып байлау және оларды қоймалау схемасы 1-суретте берілген.



а – керамогранит тақталары орамаларын арқанмен ілу схемасы;

б – керамогранит тақталары орамаларын қоймалау схемасы;

1 – керамогранит тақталарының орамасы;

2 – картон төсемелері ;

3 – түбінде тақтайы бар орама қорабы

4 – 4 тармақты жүк көтергіш арқан

1-сурет – Керамогранит тақталарын арқанмен асып байлау және оны қоймалау схемасы

4.2 Құрғақ қоспалар

4.2.1 Керамогранит тақталарынан еден төсеу және керамогранит тақталары арасындағы жіктерді өңдеу үшін құрғақ желім қоспалары қолданылады. Құрғақ қоспалар МЕМСТ 31357 талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Құрғақ қоспалар «Ылғалдан сақта» деген манипуляциялық белгісі бар орама ыдысының түбінде тасымалданады. Қоспалар көліктің осы түрінде әрекет ететін жүк тасымалдау қағидаларына сәйкес әртүрлі көлік түрлерімен тасымалданады. Қоспаның әрбір топтамасы сапа туралы құжатпен сүйемелденеді. Тасымалдануда қолданылатын тәсілдер атмосфеалық жауын-шашындардың түсуіне, біртектіліктің бұзылуларына жол бермеу, сондай-ақ жолдағы күн сәулелері мен желдің әсерінен қорғауды қамтамасыз етуі тиіс.

Құрғақ қоспалар салмағы 25 кг көпқабатты қағаз қапшықтарға оралған объектке салынады.

Құрғақ қоспалар жақсы температурада, құрғақ орында, біртума зақымдалмаған орамадағы тақтада сақталынады.

4.3 Ерітінді қоспаларын дайындау үшін МЕМСТ 23732 талаптарына сәйкес келетін су қолданылады.

4.4 Керамогранит тақталарын табақша арасының плитиласын кесуге арналған станок көмегімен кеседі.

4.5 Беріктігі жоғары керамогранит тақталарынан еден төсеу кезінде қолданылатын материалдар мен бұйымдар Қазақстан Республикасы нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Міндетті сертификаттауға жататын материалдар мен бұйымдар Қазақстан Республикасының тиісті сертификатын алуы тиіс.

5 Жұмыс жүргізуді ұйымдастыру және оның технологиясы

5.1 Жұмыс жүргізуді ұйымдастыру

5.1.1 Беріктігі жоғары керамогранит тақталарынан еден төсеу жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру жоба құжаттамасының, ҚР ҚН 1.03-00, ЖЖЖ және осы технологиялық картаның талаптарына сәйкес орындалуы тиіс.

5.1.2 Беріктігі жоғары керамогранит тақталарынан еден төсеу жұмыстарын жүргізу басталғанға дейін мыналар:

- еден төсеу алдындағы құрылыс-монтаждау, жеке және арнайы жұмыстардың аяқталуы;

- қосымша процестердің жұмыс орындарын ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

- жұмыс жүргізушілер мен жұмысшыларды қолын қойғыза отырып, ЖЖЖ-мен, жұмыс схемаларымен және осы технологиялық картамен таныстыру;

- қолданыстағы нормаларға сәйкес жұмысшыларды арнайы киіммен және жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету;

- жұмысшылармен ҚР ҚНЖЕ 1.03-05 талаптарына сәйкес еңбек қауіпсіздігі нұсқаулығынан өткізу;

- жұмыс жүргізу орнын МЕМСТ 12.1.004 талаптарына сәйкес өртке қарсы сумен жабдықтау, МЕМСТ 12.1.046 талаптарына сәйкес жарықпен қамтамасыз ету;

- жұмыс жүргізу алаңына қажетті материалдар мен заттарды жеткізу;

- үй-жайларды атмосфералық жауын-шашындардан қорғау, жабындарды орнату, терезе ойықтарына шыны әйнектерді қою, блоктар мен панельдер арасындағы жіктерді өңдеу, шатыр арқалығындағы монтаждау және технологиялық тесіктерді толтыру мен оларды нығыздау, ойықтардағы терезе және есік блоктары құрылыстарының орындарын оқшаулау және өңдеу жұмыстарын жүргізу;

- керамогранит тақталарынан еден төсеу үшін астына негіз дайындау және оны белгіленген тәртіптегі акт бойынша қабылдау;

- жұмысшыларға қажетті құрал-сайман, ұжымдық немесе жеке пайдалану үшін заттар беру қажет.

Жұмыс жүргізуді ұйымдастыру кезінде жұмыс орны өндірістік процестер талаптарына және санитарлық тазалық пен қауіпсіздік техникасының ережелерін сақтай отырып, жұмыс жүргізу шарттарына сәйкес әзірленуі тиіс.

Жұмыс орнында жабдықтар мен заттарды орналастыру кезінде жұмыс шарттарын ауырлатпау, құрал-сайман мен жабдықтарды жеткізу және оларды іздеу үшін артық уақыт жоғалтпауды есепке алу жоспарланып отыр.

Жұмыс орнындағы құрал-сайман мен құралдардың саны оларды алу мен ауыстыру үшін аз уақыт жұмсау арқылы ауысым кезінде үздіксіз жұмысты қамтамасыз ететін ең қажетті мөлшеріне сәйкес келуі тиіс.

Жұмыс орнында құрал-саймандар мен құралдар пайдалану үшін анық және ыңғайлы тәртіппен орналасуы тиіс.

Автокөлікке материалдарды тиеу ЖЖЖ-ға сәйкес автомобиль кранымен орындалады. Материалдарды қабаттарға көтеру ЖЖЖ-мен анықталған (ЖЖЖ-ға сәйкес техникалық сипаттамалар бойынша аналогиялық тетікке ауысу мүмкін) санмен дінкек көтергіш көмегімен жүзеге асырылады. Материалдарды қабаттар бойынша тарату қолма-қол жүргізіледі.

5.1.3 Беріктігі жоғары керамогранит тақталарынан еден төсеу жұмыстарын құрамдағы звенолар:


- 4-разряд қаптаушы-тақташысы (О1) – 1 адам;
- 3-разряд қаптаушы-тақташысы (О2) – 1 адам орындайды .

Жұмыс кешенінде мыналар:

- 3-разряд дінгек көтергіш машинисті (ДКМ) – 1 адам;
- 5-разряд автомобиль кранының машинисті (АКМ) – 1 адам;
- 3-разряд кіші механизациялар құралдарының машинисті (МС) – 1 адам
- 2-разряд такелажшысы (Т1, Т2) – 2 адам;
- 2-разряд қосалқы жұмысшылары (К) – 1 адам қатысады.

Электр құрал-саймандарымен жұмыс істейтін жұмысшылар электр қауіпсіздігі бойынша 1-біліктілік тобына ие болуы тиіс.

5.1.4 Беріктігі жоғары керамогранит тақталарынан еден төсеу кезіндегі жұмыс орындарын ұйымдастыру схемасы 2-суретте берілген.



- | | |
|-----------------------------|---|
| 1 – керамогранит тақтасы; | 6 – күрек; |
| 2 – ескек бауы ; | 7 – арба; |
| 3 – құрал-сайман қорабы; | 8 – құрылыс деңгейі; |
| 4 – желім қоспасы бар ыдыс; | 9 – резеңке балға; |
| 5 – тісті қалақша; | 10 – төселген керамогранит тақталары; |
| | 11 – керамогранит тақталарын уақытша қоймалау орны. |

О1 және О2 – қаптаушы-тақташылардың жұмыс орындары;

Қ– қосалқы жұмысшының жұмыс орны;

2-сурет - Беріктігі жоғары керамогранит тақталарынан еден төсеу кезіндегі жұмыс орындарын ұйымдастыру схемасы

5.2 Жұмыс жүргізу технологиясы

Беріктігі жоғары керамогранит тақталарынан еден төсеу жұмыстары мынадай технологиялық тізбекпен орындалуы тиіс:

- а) дайындық жұмыстары;
- б) негізгі жұмыстар:
 - негізін қалау;
 - еден негізін бөлу (өлшеп белгілеу);
 - желім қоспасын дайындау;
 - керамогранит тақталарын төсеу;
 - тақталарды кесу;
 - керенелерді орнату;
 - жіктерді өңдеуге арналған қоспа дайындау;
 - жіктерді толтыру;
 - төселген еден үстін тазалау;
- в) қосымша жұмыстар;
- г) қорытынды жұмыстар.

5.2.1 Дайындық жұмыстары

Жұмысшы звенолар техникалық персоналдан нұсқау алып, жұмыс схемаларымен және осы технологиялық картамен танысқаннан кейін, материал мен құрал-сайман алады,

жұмыс бастар алдында электр құралдарын қайта қарап шығып, оларға сынақ жасайды, оларды уақытша электрмен жабдықтайтын желілерге уақытша жалғайды.

5.2.2 Негізгі жұмыстар

Өнеркәсіптік шаңсорғыш щеткасының көмегімен керамогранит тақталарынан еден төсеу кезінде оның негізін толықтай тазалайды. Еден бетіндегі үлкен жазықтықта компенсациялық жіктерді тегіс жазып шығу қажет. Шағын үй-жайларда тақтаның керене қатарын жауып тұратын, қабырға мен тақта арасындағы саңылауды толтырса жеткілікті.


Керамогранит тақтасы ылғалды сіңірмейтін нольдік кеуектік қасиетке ие, сондықтан алдын ала жібітуді қажет етпейді. Үй-жайдың қабырғасына нивелирмен (кең жазықтық үшін) немесе иілгіш деңгеймен (шағын жазықтық үшін) салынған белгілерден еден көлденеңдігін сақтау үшін еден негізін айқындайтын белгілер мен маяктар қойылады. Барлық қабырғаға салынған белгілер көлденең кескінді біріктіреді.

Алғашқы негізгі белгі қабырғаға салынады, осы белгі арқылы рейка деңгейімен (бір-бірінен 2 м-ден 2,5 м дейін аралықта) қалған белгілерді орнатады.

Жоба шешіміне сәйкес тақтаны төсер алдында, оларды түсі мен реңкі бойынша сұрыптайды. Тақталарды түсі бойынша сұрыптау кезінде оларды қабылданған эталонмен салыстырады. Керамогранит еденін төсеу кезінде, алдымен ең ұзын қабырғаға қатарлас, еден ортасына қарай бау арқылы тура сызықты анықтап алған жөн. Осы бау бойымен жік немесе тақта ортасы өту үшін, осы орыннан бастап тақта төсеуді бастау керек. Кесілген тақталар бүтін тақтаның жартысына қарағанда, төселініп жатқан жазықтықта жалпақ болуы тиіс.

Құрғақ қоспадан желім қоспасын дайындау мынадай тәртіппен жүзеге асырылады: орамадағы нұсқаулыққа сәйкес, қолданар алдында ыдысқа су құяды, кейін құрғақ қоспаны сеуіп, түйіршіктері кеткенше оны қолмен немесе саптамасы бар электр бұрғысымен (миксермен) механикалық түрде араластырады. Қоспа 5-10 минуттан кейін қайта араластырғаннан кейін пайдалануға жарамды болады. Қоспа құрамы бойынша түйіршіксіз, біртекті болуы тиіс. Дайын желім қоспасын әзірлегеннен кейінгі 3 сағат ішінде пайдалануға болады (қоспа бетінде қабыршақ пайда болғанға дейін).

Желім қоспасын дайындау 3-суретте берілген.



- 1 – оқ;
- 2 – редуктор корпусы;
- 3 – электр қозғалтқыш корпусы;
- 4 – шүріппе тұтқасы;
- 5 – тоқ өткізгіш кабель;
- 6 – саптама;
- 7 – араластыруға арналған ыдыс;
- 8 – әзірленіп жатқан ерітінді қоспасы

3-сурет – Желім қоспасын әзірлеу

Тақтаны төсеу фризальқ қатардан басталады. Фризальқ және аральқ маяктарды орнатқан соң үй-жайдың ұзын бойымен жеке жолақтарды қамту арқылы жаңа жағылған желім қоспасы үстімен тақталар төселеді. Жобаға сәйкес «жіктен жікке», «таңумен», «диагональ бойымен» резеңке немесе құрылыс балғасымен тақта үстіне қойылған ағаш кесектері бойынша жеңіл соққылармен шегіндіре отырып, тақталар төселеді.

Тақталардың дұрыс төселуі қозғалмалы немесе аральқ маяктарға сүйене отырып, барлық бағыт бойынша жүйелі түрде ережемен бақылауға алынады. Сонымен бірге тақталар арасындағы жіктердің кеңдігі де бақыланады. Бұрыштық тақталардың жиектері бір-бірімен сәйкес келуі тиіс. Түзу емес тақталар тақталарды желім қоспасымен бекіткенге дейін өлшеуішпен дұрыстығын тексере отырып, күрекпен түзулейді.

Жұмыс барысында бүтін тақталардан алынатын жартыкеш тақталар қажет етіледі. Ол үшін алдымен кесу сызығын өлшеп алады, ал кейін тақтаны кесуге арналған станок көмегімен тақтаны кеседі.

Керене астындағы негіз тазаланады, кейін олар қойылады. Керенеге арналған тақтаны түсі бойынша сұрыптайды және тақтаның қажет өлшемін арамен аралайды. Керене тақтасын ішкі бұрыштардан бастап орналастырады. Желім қоспасын қапталынып жатқан жазықтыққа жағады және тісті қалақшамен тегістейді. Кейін қатар тақталары төселеді және соңынан ішкі бұрыштардың тақталары қойылады. Керене тақталары арасындағы жіктердің ұзындығы 2,3 мм-ден жоғары болмауы тиіс. Оларды қабатша қалыптасу үшін уақытша толықтырмай қалдырып қояды, кейіннен өңдеуге арналған қоспамен тақталардың жіктері мен жоғарғы жиегін толтырады. Желім қоспасын жаққан соң, керене тақталарын шүберекпен тазалайды.

Керамогранит едендерінің жіктері, оларды төсеген соң 24-48 сағаттан өткен соң толтырылады. Жіктерге арналған қоспа жұмыс бастау алдында құрғақ қоспадан дайындалады. Резеңке қалақша көмегімен, айқасқан қозғалыс арқылы ысқылауға арналған қоспамен жіктер толтырылады. Жіктерді ысқылап, қоспаның артық қалдықтарын алған соң, суға малынған ысқышпен жіктерді қалап шығады. Еден үстіндегі қоспа қалдықтарын шүберекпен тазалайды және сумен жуады. Қоспа толық кепкен соң, таза фланель шүберегімен немесе қатты ысқышпен орындалатын соңғы тазалау жұмыстарына кіріседі.

5.2.3 Қосалқы жұмыстар

Қабаттарға материалдар ЖЖЖ-ға сәйкес жүк көтергіш механизмдермен көтеріліп шығарылады. Өндіріс орнына материалдар арбамен немесе колмен жеткізіледі.

5.2.4 Қорытынды жұмыстар

Ауысым соңында жұмысшылар жұмыс орындарын құрылыс қоқыстарынан тазалайды, құрал-саймандар мен құралдарды тазалайды және оларды қоймаға тапсырады.

5.3 Беріктігі жоғары керамогранит тақталарынан еден төсеуге арналған операциялық карта 1-кестеде берілген.

1-кесте. Беріктігі жоғары керамогранит тақталарынан еден төсеуге арналған операциялық карта

Операция атауы	Машина, тетік, жабдықты технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жабдық, құрал-сайман, инвентарь, құралдар)	Орындаушы	Операцияны сипаттау
1	2	3	4
Дайындық жұмыстары			
Дайындық жұмыстары	-	4-разряд қаптаушы-тақташысы (О1), 3-разряд қаптаушы-тақташысы (О2), 3-разряд дiңгек көтергiш машинистi (МП), 5-разряд автомобиль кранының машинистi (МК), 3-разряд кiшi механизациялар құралдарының машинистi (МС), 2-разряд такелажшысы (Т1, Т2) 2-разряд қосалқы жұмысшысы (П)	Жұмысшылар техникалық персоналдан нұсқау алады, жұмыс орнында техника қауіпсіздігі нұсқаулығынан нұсқаулық журналында қолын қоя отырып өтеді, құрал-сайман, инвентарь, материалдар алады, ЖЖЖ-ға және технологиялық картаға сәйкес жұмыс жүргізу учаскесімен танысып, жұмысқа кіріседі.
Негізгі және қосалқы жұмыстар			
Негізін дайындау	Щетка, өнеркәсіптік шаңсорғыш	П	Қ щетка және өнеркәсіптік шаңсорғыш көмегімен еден астындағы негізді толықтай тазалайды

1-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
Еден негізін бөлу (өлшеп белгілеу)	Бау, нивелир, икемді деңгей өлшеуіш, рейка	О1,О2	<p>О1 және О2 үй-жайдың қабырғасына нивелирмен (кең жазықтық үшін) немесе иілгіш деңгеймен (шағын жазықтық үшін) салынған белгілерден еден көлденеңдігін сақтау үшін еден негізін айқындайтын белгілер мен маяктар қойылады. Барлық қабырғаға салынған белгілер көлденең кескінді біріктіреді.</p> <p>Алғашқы негізгі белгі қабырғаға салынады, осы белгі арқылы рейка деңгейімен (бір-бірінен 2 м-ден 2,5 м дейін аралықта) қалған белгілерді орнатады.</p> <p>Картаға сәйкес О1 және О2 керамогранит тақтасының жіктерінің схемасын айқындайды. Бауды тартып, әрбір қатардың кертілген таңбасы бірдей және көлденең жазықтықта орналасу үшін оларды өлшеуіш деңгей бойынша түзулігін тексереді.</p>
Желім қоспасын дайындау	Ыдыс, саптамасы бар электр қол бұрғысы (миксер)	О2	<p>О2 нұсқаулыққа сәйкес, қолданар алдында желім қоспасын дайындайды. О2 ыдысқа су құяды, кейін , құрғақ қоспаны сеуіп, түйіршіктер жойылғанша оны қолмен немесе саптамасы бар электр бұрғысымен (миксермен) механикалық түрде араластырады. Қоспа 5-10 минуттан кейін қайта араластырғаннан кейін пайдалануға жарамды болады. Қоспа құрамы бойынша түйіршіксіз, біртекті болуы тиіс. Дайын желім қоспасын эзірлегеннен кейінгі 3 сағат ішінде пайдалануға болады (қоспа бетінде қабыршақ пайда болғанға дейін).</p>

1-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
Керамогранит тақталарын төсеу	Тісті қалақша, ерітінді ыдысы, қылқалам, резеңке балға, ағаш кесегі, ереже, деңгей өлшеуіш, рулетка, металл сызғыш, бұрыштық, тақтаны кесуге арналған станок	МС ,О1,О2,П	<p>О2 қапталынып жатқан еден үстіне желім қоспасын жағады, тісті қалақша көмегімен қоспаның кедір-бұдырланған үстіртін дайындайды.</p> <p>О1 және О2 тақтаны төсеуді фризалық қатардан бастайды. Жобаға сәйкес «жіктен жікке», «таңумен», «диагональ бойымен» резеңке немесе құрылыс балғасымен тақта үстіне қойылған ағаш кесектері бойынша жеңіл соққылармен шегіндіре отырып, тақталар төселеді. О1 және О2 тақта жіктерінің жалпақтығын орнатады. Пазалардың біртекті жалпақтығы арнайы кресттерді қолдану жолымен қамтамасыз етіледі.</p> <p>О1 және О2 тақталардың дұрыс төселуін қозғалмалы немесе аралық маяктарға сүйене отырып, барлық бағыт бойынша жүйелі түрде ережеге сәйкес бақылауға алады. Сонымен бірге тақталар арасындағы жіктердің жалпақтығы да бақыланады.</p> <p>Жұмыс барысында бүтін тақталардан алынатын жартылай тақталар қажет етіледі. О1 металл сызғышымен немесе рулеткамен тақтаның артық өлшемін өлшеп, кесіп алып тастайды. Қ тақтаны қораптан шығарып, оны кесу орнына алып барады. О1 өлшеуіш орама және бұрыштық көмегімен тақталарды жайғастырады, ал КМ белгіленген өлшем бойынша станокпен тақталарды кеседі. Қ қырқылған тақталарды төсеу орнына жеткізеді.</p>

1-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
Керенені орнату	Тақтаны кесуге арналған станок, щетка, сызғыш, тісті қалақша	МС, О1, О2, П	О1 керене астындағы негізді тазалайды, кейін оны орнатады. Кейін О1 керенеге арналған тақтаны түсі бойынша сұрыптайды. КМ тақтаның қажет өлшемін арамен аралайды. Қ қырқылған тақталарды төсеуге алып барады. Керене тақтасын ішкі бұрыштардан бастап орналастырады. О1 желім қоспасын қапталынып жатқан жазықтыққа жағады және тісті қалақшамен тегістейді. Кейін О1 қатарлық тақталарды қояды және соңына қарай ішкі бұрыштардың тақталарын төсейді. Өндеуге арналған қоспамен тақталардың жіктері мен жоғарғы жиегін толтырады. Желім қоспасын жаққан соң керене тақталарын О1 шүберекпен тазалайды.
Жіктерді толтыру	Металл щетка, ескі шүберек, саптасасы бар электр қол бұрғысы, қалақша, ысқыш	О1, О2	О2 керамогранит тақталарының жіктерін, оларды төсеген соң 24-48 сағаттан өткен соң желім қоспасынан тазартады. О2 қолдану нұсқаулығына сәйкес жіктерді өндеуге арналған қоспаны дайындайды. Жіктерге арналған қоспа жұмыс бастау алдында құрғақ қоспадан дайындалады. О1 жіктерді резеңке қалақша көмегімен, айқасқан қозғалыс арқылы ысқылауға арналған қоспамен толтырады. Жіктерді ысқылап, қоспаның артық қалдықтарын алған соң, О2 15-30 минуттан кейін суға малынған ысқышпен жіктерді қалап шығады.

1-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
Қосалқы жұмыстар			
Материалдарды автокөлікке автокөтергішпен және қолмен тиеу және түсіру.	Автомобиль краны, 8 тн-ға дейін жүк көтеретін бортты автомобильдер, ілмектер,	МК, Т1, Т2	Т1 және Т2 материалдар бар пакеттер мен тақтайларды арқанмен баулайды. Т1 КМ-ге көтеруге тапсырма береді және өздері қауіпсіз аралыққа шегінеді. КМ материалдарды қоймалау алаңына кранмен жеткізеді. Т1 және Т2 материалдарды қабылдап алып, оларды арқаннан шешіп алады.
Материалдарды беру	Діңгек көтергіш	МП, Т1,Т2, О1,О2	Т1, Т2 көтергішке материалдарды салады және платформаға оларды тиейді. КМ материалдарды қабаттарға жеткізеді. О1 және О2 материалдарды қабаттағы қоймалау орнына түсіреді.
Материалдарды жеткізу	-	Қ	Қ материалдарды қоймалау орнынан қабаттағы жұмыс жүргізу орнына алып барады (қолмен немесе арбамен).
Қорытынды жұмыстар			
Қорытынды жұмыстар		О1, О2, П, МС, МП, МК, Т1, Т2	Ауысым соңында жұмысшылар жұмыс орындарын құрылыс қоқыстарынан тазалайды, құрал-саймандар мен құралдарды тазалайды және оларды қоймаға тапсырады.

6 Материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік

6.1 Беріктігі жоғары керамогранит тақталарынан еден төсеу кезінде материалдар мен бұйымдарға қажеттілік ведомосы 2-3 – кестелерде берілген.

2-кесте – Беріктігі жоғары керамогранит тақталарынан еден төсеу кезінде материалдар мен бұйымдарға қажеттілік ведомосыЖұмыстар көлемі – 100 м² еден жабыны

№ р/с	Материал, бұйым атауы	ТНҚА атауы мен мағынасы	Өлшем бірлігі	Мөлшері
1	600 мм × 600 мм × 10 мм керамогранит тақталары	МЕМСТ 6887	м ² /тн	102/2,326
2	Керамогранит тақталарын (қабат қалыңдығы 5 мм болған кезде) төсеуге арналған құрғақ қоспа (желімді)	МЕМСТ 31357	кг	814
3	Желім қоспаларын дайындауға арналған су	МЕМСТ 23732	л	170,0
4	Тақтааралық жіктерді өндеуге арналған құрғақ қоспа (фуга)	МЕМСТ 31357	кг	75
5	Құрғақ қоспаны сұйылтуға арналған су (фуги)	МЕМСТ 23732	л	22
6	Шүберек	-	кг	2,0

3-кесте – Беріктігі жоғары көлемі 600 мм × 600 мм керамогранит тақталарынан еден төсеу кезінде материалдарға, бұйымдарға және конструкцияларға қажеттілік ведомосы

Жұмыстар көлемі – 100 м қерене

№ п/п	Материал, бұйым атауы	ТНҚА атауы мен мағынасы	Өлшем бірлігі	Мөлшері
1	Керамогранит 600 мм × 600 мм	МЕМСТ 6887	м ² /тн	8,24/ 0,188
2	Керамогранит тақталарын (қабат қалыңдығы 5 мм болған кезде) төсеуге арналған құрғақ қоспа (желімді)	МЕМСТ 31357	кг	64
3	Желім қоспаларын дайындауға арналған су	МЕМСТ 23732	л	14
4	Тақтааралық жіктерді өндеуге арналған құрғақ қоспа (фуга)	МЕМСТ 31357	кг	6
5	Жіктерді өндеуге арналған қоспаны дайындауға арналған су (фугалар)	МЕМСТ 23732	л	1,8

ЕСКЕРТПЕ Ресурстар шығынының көрсеткіштері орташа мөлшермен алынған және олар жобалау құжаттары бойынша анықталады.

5.2 Машиналардың, тетіктердің, жабдықтардың, технологиялық жабдықтардың, құрал-сайманның және құралдардың тізбесі 4-кестеде берілген.

4-кесте – Машиналардың, тетіктердің, жабдықтардың, технологиялық жабдықтардың, құрал-сайманның және құралдардың тізбесі

бригадаға

№ р/с	Атауы	Типі, маркасы, өндіруші-зауыт	Тағайындау	Негізгі техникалық сипаттамалар	Звено саны (бригада), дана
1	Дінгек көтергіш	ЖЖЖ бойынша	Материалдарды беру	Көтеру биіктігі 50 м	1
2	Автокран	ЖЖЖ бойынша	Материалдарды түсіру	Г/п 10 тн	1
3	Ілмектер (МЕМСТ 25573)	4СК1	Материалдарды арту	Ұзындығы 5000 м, г/п 2,5 т	1
4	Арба	-	Материалды тиеу	-	1
5	Тақтаны кесуге арналған станок	ЖЖЖ бойынша	Керамогранит тақтасын кесу	ЖЖЖ бойынша	1
6	Миксер-бұрғы	-	Желім қоспасын дайындау	Тұтынылатын қуат – 1100 Вт	1
7	Шелек	-	Суға арналған ыдыс	10 л	1
8	Бау	-	Еден үстін белгілеу	Ұзындығы 20 м	2
9	Сызғыш	-	Белгілер қою	-	1
10	Нивелир	-	Өлшеу жұмыстары	-	1
11	Металдан жасалған өлшеу орамасы	РС-3	Өлшеу жұмыстары	Диапазоны 0 мм-ден 2000 мм-ге дейін, бөлу бағасы 1 мм	1
12	Құрылыс деңгейі (МЕМСТ 9416)	УС-2	Өлшеу жұмыстары	Ұзындығы 10 м-ден 12 м дейін	1

4-кесте (жалғасы)

№ р/с	Атауы	Типі, маркасы, өндіруші- зауыт	Тағайындау	Негізгі техникалық сипаттамалар	бригадаға Звено саны (бригада), дана
13	Күрек	-	Желім қоспасын дайындау	-	1
14	Бағдарлаушы тақтайша	-	Аралық маяктардың қамту және белгілеу жалпақтығын айқындау	Ұзындығы 2500 мм, бөлу бағасы 100 мм	2
15	Тісті қалақша, қалақша	-	Қырлы бетін жасау	-	1
16	Бұрыштық	-	Өлшеу жұмыстары	Угол 90°, бөлу бағасы 1 мм	1
17	Ағаш кесегі	-	Тақтаны шегіндіру	Ұзындығы – 2000 мм	1
18	Резеңке балға (МЕМСТ 11042)	-	Тақтаны шегіндіру	Салмағы – 500 г	1
19	Қағида (МЕМСТ 25782)	-	Тақтаны төсеу сапасын тексеру	-	1
20	Штангенциркуль	-	Өлшеу жұмыстары	Диапазоны 0 мм-ден 250 мм-ге дейін, бөлу бағасы 1 мм	1
21	Сыпырғы	-	Негізін тазалау	-	1
22	Өнеркәсіптік шаңсорғыш	-	Негізін тазалау	-	1
23	Рейсмус	-	Тақтаалрға керткі жасау	-	1
24	Металл щеткасы	-	Үстін тазалау	-	1
25	Ұзартқыш	-	Миксерді қосу	-	1
26	Қоқыс ыдысы	-	Қоқысты жинау	-	1

4-кесте (жалғасы)

бригадаға

№ п/п	Атауы	Типі, маркасы, өндіруші-зауыт	Тағайындау	Негізгі техникалық сипаттамалар	Звено саны (бригада), дана
27	Комбинезондар	-	Жеке қорғаныс құралы	-	6
28	Аяқ киім	-	Жеке қорғаныс құралы	-	6 жұп
29	Қолғаптар	-	Жеке қорғаныс құралы	-	6 жұп
30	Қорғаныс көзілдіріктері	-	Жеке қорғаныс құралы	-	2
31	Құрылыс дулығасы (МЕМСТ 12.4.087)	-	Жеке қорғаныс құралы	-	6
32	Резеңке қолғаптар	-	Жеке қорғаныс құралы	-	2 жұп
33	Металл сызғыштары	-	Бақылау құралы	Диапазоны 0 мм-ден 150 мм-ге дейін, бөлу бағасы 1 мм	1
34	Тақта жіктеріне арналған кресттер	-	Тақта төсеу	-	1 жинақ
35	Дәрі қобдишасы	-	Алғашқы көмек көрсету	-	1

7 Жұмыс сапасына қойылатын талаптар

Беріктігі жоғары керамогранит тақталарынан еден төсеу кезіндегі жұмыс сапасына қойылатын талаптар технологиялық процестерді бақылау картасында берілген (5-кесте).

5-кесте – Технологиялық процестерді бақылау картасы

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау орны (сынам аларды іріктеу)	Бақылау мерзімділігі	Бақылауды немесе сынақты жүргізетін орындаушы	Бақылау тәсілі, ТНҚА мағынасы	Сынақтарды өлшеу құралдары		Бақылау нәтижелері н рәсімдеу
	Атауы	Атаулы мәні	Шекті ауытқу					Типі, маркасы, ТНҚА мағынасы	Өлшеу диапазоны, қателік, дәлдік класы	
Кіріс бақылауы										
Керамогранит тақталары МЕМСТ 6887	Маркасы	Жоба бойынша	Рұқсат етілмейді	Объект жанындағы қойма	Барлық топтама	Ұста (прораб)	Көзбен шолу	Сапа туралы құжат (жеткізуші паспорты)		Кіріс бақылауының журналы Сондай
Керамогранит тақталарын төсеуге арналған құрғақ қоспа (МЕМСТ 31357)	Сондай	Сондай	Сондай	Сондай	Сондай	Сондай	Сондай	Сондай		Сондай
Керамогранит тақталарының жіктерін өңдеуге арналған құрғақ қоспа (МЕМСТ 31357)	-«-	-«-	-«-	-«-	-«-	-«-	-«-	-«-		-«-
Операциялық бақылау (ҚР ҚНЖЕ 2.04-10)										
Беріктігі жоғары керамогранит тақталарынан еден төсеу	Ерітінді қоспасын және фуганы дайындау	Қолдану нұсқаулығына сәйкес	Рұқсат етілмейді	Жұмыс жүргізу учаскесі	Әрбір балшық	Ұста (прораб)	Көзбен шолу	-	-	Жұмыстардың жалпы журналы

5-кесте (жалғасы)

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау орны (сынам аларды іріктеу)	Бақылау мерзімділігі	Бақылауды немесе сынақты жүргізетін орындаушы	Бақылау тәсілі, ТНҚА мағынасы	Сынақтарды өлшеу құралдары		Бақылау нәтижелері н рәсімдеу
	Атауы	Атаулы мәні	Шекті ауытқу					Типі, маркасы, ТНҚА мағынасы	Өлшеу диапазоны, кәсіптік дәлдік класы	
Беріктігі жоғары керамогранит такталарынан еден төсеу	Үй-жайдағы және негіздегі ауа температурасы °С-ден төмен емес	+5	Рұқсат етілмейді	Әрбір үй-жай	Ішінара	Ұста (прораб)	Өлшеу (МЕМСТ 26433.2)	Термометр	бөлу бағасы 1 °С	Жұмыстардың жалпы журналы
	Негіздің жай-күйі	Шаң-тозаңның, кірдің, майлы дақтардың, жырақтардың, ерігінді қаспақтарының болуына рұқсат етілмейді	-		Тұтас	Сондай	Көзбен шолу	-	-	Сондай
	Такталарды төсеу: - желім қабатының қалыңдығы, мм	5 мм	Рұқсат етілмейді	Сондай	20 м ² жабынға немесе алаңнан кішірек әрбір үй-жайда 5-тен кем емес өлшеулер	-«-	Өлшеу (МЕМСТ 26433.2)	Металлдан жасалған өлшеу сызғышы	бөлу бағасы 1 мм	-«-

5-кесте (жалғасы)

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау орны (сынама ларды іріктеу)	Бақылау мерзімділігі	Бақылауды немесе сынақты жүргізетін орындаушы	Бақылау тәсілі, ТНҚА мағынасы	Сынақтарды өлшеу құралдары		Бақылау нәтижелері н рәсімдеу
	Атауы	Атаулы мәні	Шекті ауытқу					Типі, маркасы, ТНҚА мағынасы	Өлшеу диапазоны, қателік, дәлдік класы	
Беріктігі жоғары керамогранит тақталарынан еденді төсеу	- шектес тақталар арасындағы ойықтар мм-ден көп емес	1	Рұқсат етілмейді	Жұмыс жүргізу учаскесі	30 м ² жабынға немесе алаңнан кішірек әрбір үй-жайда 5-тен кем емес өлшеулер	Ұста (прораб)	Өлшеу (МЕМСТ 26433.2)	Металлдан жасалған өлшеу сызғышы	бөлу бағасы 1 мм	Жұмыстардың жалпы журналы
	Жіктердің түзу сызықтығына н ауытқуы , мм	1,5	Сондай	Әрбір жік	Тұтас	Сондай	Сондай	Металлдан жасалған өлшеу сызғышы Бақылау тақтайшасы Нивелир және нивелир тақтайшасы	бөлу бағасы 1 мм Ұзындығы 2 м	Сондай
	Жіктердің жалпақтығы, мм-ден көп емес	-	-«-	Сондай	Сондай	-«-	-«-	Металлдан жасалған өлшеу сызғышы	бөлу бағасы 1 мм	-«-
	Жіктердің түзу сызықтығына н ауытқуы (тегістігі), мм-ден көп емес	4	-«-	Жұмыс жүргізу учаскесі	-«-	-«-	-«-	Сондай	Сондай	-«-

5-кесте (жалғасы)

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау орны (сынам аларды іріктеу)	Бақылау мерзімділігі	Бақылауды немесе сынақты жүргізетін орындаушы	Бақылау тәсілі, ТНҚА мағынасы	Сынақтарды өлшеу құралдары		Бақылау нәтижелерін рәсімдеу
	Атауы	Атаулы мәні	Шекті ауытқу					Типі, маркасы, ТНҚА мағынасы	Өлшеу диапазоны, қателік, дәлдік класы	
Қабылдау бақылауы										
Беріктігі жоғары керамогранит тақталарынан еден төсеу	Жіктердің түзу сызықтығына ауытқуы, мм	1,5	Рұқсат етілмейді	Әрбір жік	Тұтас	Қабылдау комиссиясы	Өлшеу (МЕМСТ 26433.2)	Металлдан жасалған өлшеу сызғышы	бөлу бағасы 1 мм	Орындалған жұмыстарды қабылдау актісі
	Жіктердің жалпақтығы, мм-ден көп емес	-	Сондай	Сондай	Сондай	Сондай	Сондай	Бақылау тақтайшасы Нивелир және нивелир тақтайшасы Металлдан жасалған өлшеу сызғышы	Ұзындығы 2 м бөлу бағасы 1 мм	Сондай
	Жіктерді толтыру	Толтыру тығыздығы	-	-	-«-	-«-	-«-	Көзбен шолу	-	-
	шектес тақталар арасындағы ойықтардың көлемі мм-ден көп емес	1	Рұқсат етілмейді	Әрбір ойық	-«-	-«-	Өлшеу (МЕМСТ 26433.2)	Металлдан жасалған өлшеу сызғышы	бөлу бағасы 1 мм	-«-

8 Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау

8.1 Беріктігі жоғары керамогранит тақталарынан еден төсеу кезінде ҚР ҚНЖЕ 1.03-05, ҚР ҚНЖЕ 2.02-05, ҚР ҚНЖЕ 2.04-10, МЕМСТ 12.1.013 және осы технологиялық картаның талаптарын орындау қажет.

8.2 К жұмыстарын орындау денсаулық жарамдылығы бойынша қарсы көрсеткіштерсіз медициналық куәландырудан өткен, оқудан, білімі бойынша тексеруден өткен және тиісті куәлік алған, жұмыс орнында еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтан қолын қоя отырып өткен тұлғаларға рұқсат етіледі.

8.3 Жұмыс бастар алдында жұмысты жүргізетін ұйым бойынша бұйрықпен мамандар ішінен жұмыс жүргізу қауіпсіздігіне жауапты адам тағайындалады (жұмыс жетекшісі).

8.4 Жұмысты орындаушылар мен жұмысшылар арнайы киіммен, арнайы аяқ-киіммен, өзге де жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілуі тиіс.

8.5 Жұмыс жүргізудегі барлық адамдар МЕМСТ 12.4.087 бойынша қорғаныс дулығысын киюге міндетті, қорғаныс дулығысыз және өзге де жеке қорғаныс құралдарынсыз жұмысты орындаушылар мен жұмысшылар жұмыс жүргізуге рұқсат етілмейді.

8.6 Күн сайын, жұмыс бастар алдында, жұмыс жүргізуге жауапты адам әрбір қызметкерде жеке қорғаныс құралдарының (ЖҚК) болуы мен дұрыстығын тексеруі, ал жұмыс жүргізу процесінде қызметкерлердің ЖҚК-ны техникалық нормативтік-құқықтық актілер талаптарына сәйкес пайдалануына бақылауды жүзеге асыруы тиіс. Жұмысты жүргізушілер алкоголь, есірткі немесе уландырғыш заттарды қолданатын қызметкерлерді жұмыс орнына жібермеуге және оларды жұмыстан шығаруға міндетті.

8.7 Жұмыс жүргізу кезінде кейінгі операцияны орындау кезінде алдыңғы операция өндірістік қауіпке себеп болмайтындай етіп өндірістік операциялардың технологиялық жүйелілігін сақтау қажет.

8.8 Жұмыс орны таза болуы, материалдар мен құрал-сайманды сақтаудың реттелінуі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес болуы тиіс.

8.9 Қолға үйретілген электрлендірілген құрал-сайман 42 В-дан жоғары емес кернеуде қолданылу ұсынылады, қолға үйретілген электрлендірілген құрал-сайманның корпусы жерге тұйықталуы тиіс.

8.10 Қолға үйретілген электрлендірілген құрал-сайманмен жұмыс істеуге рұқсат етілген қызметкерлер Электр құрылғыларын тұтынушылар пайдалану кезінде қауіпсіздік техникасы ережелеріне сәйкес электр қауіпсіздігі бойынша топқа ие болуы тиіс.

8.11 Қолға үйретілген электрлендірілген құрал-сайманды жұмыста беру кезінде детальдарының бекітілуі комплектілігіне және беріктігіне, кабельдің, айыршаның, қорғаныс футлярларының, ажыратқыш жұмысының дәлдігіне және құрал-сайманның бос жүрістегі жұмысының дұрыстығына тексеру жүргізеді.

8.12 Қолға үйретілген электрлендірілген құрал-сайманмен жұмыс істеу кезінде мыналарға:

- электр желісіне қосылған құрал-сайманды қадағалаусыз қалдыруға;
- сымды созуға және майыстыруға;
- зақымдалған штепсель қосылуларымен жұмыс істеуге, ыстық қыздырушы оқшаулануға тән түтін мен иістің пайда болуына рұқсат етілмейді.

8.13 Қолға үйретілген электрлендірілген құрал-сайманмен жұмыс істеу кезінде мынадай талаптарды:

- резеңке бейөткізгіш қолғаппен жұмыс істеуді;
- механикалық зақымдардан өткізгішті сақтауды;
- құрал-сайманды жарамды штепсель қосылуы бар бөлгіш құрылғыға қосуды;
- жұмыстағы үзіліс немесе электр энергиясының берілуі тоқтатылған кезде электр құрал-сайманын желіден өшіруді сақтау қажет.

8.14 Мынадай ақаулары :

- зақымдалған штепсель қосылуы, кабель немесе оның қорғаныс қабы;
- ажыратқыштың анық емес жұмысы;
- ыстық қыздырушы оқшаулануға тән түтін мен иістің пайда болуы;
- қатты шудың, тарсылдың, дірілдің, сынықтың немесе корпусық детальда, тұтқада, қорғаныс қоршауында жарықтардың пайда болуы бар қолға үйретілген электрлендірілген құрал-сайманды пайдалануға рұқат берілмейді.

8.15 Қолға үйретілген электрлендірілген құрал-сайманның бүтіндігі мен дұрыстығын бақылау үшін мерзімді тексеру және техникалық құжаттамамен белгіленген мерзімге сынақ жүргізіледі. Мерзімді сынақтарды II-ден төмен емес электр қауіпсіздігі тобына ие арнайы бекітілген персонал жүргізеді.

8.16 Жұмыс учаскелерінде және жұмыс орындарында электр қауіпсіздігі МЕМСТ 12.1.013 талаптарына сәйкес қамтамасыз етілуі тиіс.

8.17 Қоршаған ортаны қорғау

Жұмысты жүргізу процесінде қоршаған ортаға залал келмеуі тиіс:

- НТҚ талаптарына сәйкес қалдықтарды жинау және оларды пайдаға асыру ұйымдастырылуы тиіс;
- қалдықтар оларды пайдаға асыру орнынан тасып шығарылуы тиіс.


Мыналар:

- технологиялық және тұрмыстық қажеттілікте қолданылатын суды ұқыпты пайдалану және оны барынша үнемдеу;
- технологиялық қажеттілікте ауызсуды пайдалануды барынша шектеу қамтамасыз етілуі тиіс.

Құрылыс кәсіпорындарының басшылары мен қызметкерлері:

- объект құрылысы кезінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы қолданыстағы заңнаманы, нормаларды, нұсқаулықтарды, бұйрықтарды, нұсқауларды сақтауды жүйелі бақылауы;
- қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мәселелерге қатысты оқу бағдарламасына жұмысшылар мен қызметкерлердің барлық санаттарын кірістіру және осы оқуды өткізуді ұйымдастыруы тиіс.

Керамогранит тақталарынан еден төсеу жұмыстарын жүргізу кезінде жұмыс орындарын қауіпсіз ұйымдастыру схемасы – 4-суретте берілген.



- 1-бақылау рейкасы
- 2-қозғалмалы тақталар
- 3-тақталарды сұрыптауға арналған үстел
- 4-шаңсорғыш
- 5-желім қоспасын дайындауға арналған ыдыс
- 6-тегістелген желім қабатшасы
- 7-қозғалмалы рейка
- 8-жол-жоба рейкасы
- 9-дайын желімі бар ыдыс
- 10-тақта контейнері

O1,O2 – қаптаушы-тақташылардың жұмыс орындары

4-сурет - Керамогранит тақталарынан еден төсеу жұмыстарын жүргізу кезінде жұмыс орындарын қауіпсіз ұйымдастыру схемасы

9 Еңбек шығысының калькуляциясы

9.1 Беріктігі жоғары керамогранит тақталарынан еден төсеу бойынша калькуляция құрастыру кезінде БНЖБ-ның құрылыс, монтаждау және жөндеу-құрылыс жұмыстарына Бірыңғай нормалары мен бағалаулары қолданылды:

ҚР Е 8.04-1 Е1 жинағы Ішкіқұрылыс көлік жұмыстары.

9.2 Беріктігі жоғары керамогранит тақталарынан еден төсеу кезінде еңбек шығындарын калькуляциялаулар еңбек шығындарының алдын жүргізілген хронометражына негізделген аналитикалық-есеп айырысу әдісімен орындалған.

9.3 Еңбек шығындары мына формуламен есептелген:

$$\text{Ш} = \frac{\text{Ш}_1}{60} \cdot n,$$

Ш – адам-сағ. еңбек шығындары бар жағдайда;

Ш₁ – нақты объектегі нормаланған жұмыс түрлеріне минуттағы еңбек шығындары

n – нормалау кезіндегі жұмыс түріне қамтылған жұмысшылар саны.

9.4 Еңбек шығындарының нормативтері 8 сағат ұзақтығы бар ауысым есебінен бір жұмысшыға келтірілген.

9.5 Нормалар ескерілген, бірақ жұмыс құрамындағы технологиялық процестің ажырамас бөлігі болып табылатын ұсақ қосалқы және дайындық операциялары есепке алынған жоқ.

9.6 Дайындық-қорытынды жұмыстарына (ДҚЖ), технологиялық үзілістерге (ТҮ), жеке мұқтаждықтар мен демалысқа еңбек шығындарының нормалары ескерілген.

**Беріктігі жоғары керамогранит тақталарынан еден төсеуге №1 еңбек шығындарын калькуляциялау
(керамогранит тақталарынан еден төсеу)**

Жұмыстар көлемі - 100 м² еден жабыны

№ р/с	Жұмыстар атауы	Өлшем бірлігі	Көлемі	Адам санына уақыт нормасы адам-с. (маш.-с)	Адам санына еңбек шығындары адам-с. (маш.-с)
Негізгі жұмыстар					
1	Желім ерітіндісін және жіктерді ысқылауға арналған қоспаны дайындау	100 кг	10,81	0,56 (0,24)	6,054 (2,59)
2	Керамогранит тақталарынан еден жабынын төсеу	100 м ²	1,0	28,45 (0,51)	54,84 (0,88)
3	Керамогранит тақталарының кеспесі	100 м кеспесі	0,336	21,94 (10,0)	7,37 (3,36)
ЖИЫНЫ (Электр бұрғысы, өнеркәсіптік шансорғышты, тақтаны кесуға арналған станок):					68,264 ад.-с (2,59/0,88/3,36 маш.-с)
Қосалқы жұмыстар					
4	Материалды автокөліктен объект жанындағы қоймаға 10 т жүк көтеретін автомобиль кранымен түсіру (керамогранит, құрғақ желім қоспасы, фуга)	т	3,427	0,046 (0,023)	0,158 (0,079)
5	Материалды объект жанындағы қоймадан автокөлікке қолмен тиеу (керамогранит, құрғақ желім қоспасы, фуга)	т	3,427	0,53(0,53)	1,816 (1,816)

Кесте (жалғасы)

Жұмыстар көлемі - 100 м² еден жабыны

№ п/п	Жұмыстар атауы	Өлшем бірлігі	Көлемі	Адам санына уақыт нормасы адам-с. (маш.-а)	Адам санына еңбек шығындары адам-с. (маш.-а)
6	Материалды автокөліктен беру орнына қолмен түсіру (керамогранит, құрғақ желім қоспасы, фуга)	т	3,427	0,44(0,44)	1,508 (1,508)
7	Материалды көтергішпен жұмыс жүргізу орнына 15 м орташа биіктікке беру (керамогранит, құрғақ желім қоспасы, фуга)	1 т	3,427	0,496 (0,124)	1,700 (0,425)
8	Материалды көтергіштен жұмыс жүргізу орнына қол арбаларымен 30 м-ге дейін орташа аралыққа тасымалдау	1 т	3,427	1,1	3,770
9	Тақталарды арбаға салу, тақталарды қол арбаларымен 30 м-ге дейін орташа аралықта керамогранит тақталарын кесуге түсіру үшін станокка тасымалдау	1 т	0,233	1,1	0,256
10	Тақталарды кескеннен кейін арбаға салу, келесі жұмысқа түсіру үшін жұмыс жүргізу орнына қол арбаларымен тасымалдау	1 т	0,233	1,1	0,256
ЖИЫНЫ (Кран, автомобиль, көтергіш):					9,464 адам-сағ. (0,079/3,324/ 0,425 маш.-сағ.)
БАРЛЫҒЫ (Электр бұрғысы , өнеркәсіптік шаңсорғышты, тақталарды кесуға арналған станок, кран, автомобиль, көтергіш):					77,728 адам-сағ. (2,59/0,88/3,36/ 0,079/3,324/ 0,425 маш.-сағ.)

78,728 адам-сағ. бар жерде – жұмысшы-құрылысшылар еңбегінің шығындары;
2,59 маш.-сағ.– электр бұрғысы-миксерін пайдалану;
0,88 маш.-сағ.– өнеркәсіптік шаңсорғышты пайдалану;
3,36 маш-ч – керамогранит тақталарын кесуге арналған станокты пайдалану;
0,079 маш.-сағ.– 10 т жүк көтеретін автомобиль кранын пайдалану;
3,324 маш.-сағ.– 8 т жүк көтеретін автомобильді пайдалану;
0,425 маш.-сағ.– 1 т-ға дейін жүк көтеретін көтергішті пайдалану.

**Беріктігі жоғары керамогранит тақталарынан еден төсеуге №2 еңбек шығындарын калькуляциялау
(керенені орнату)**

Жұмыстар көлемі - 100 м керене

№ р/с	Жұмыстар атауы	Өлшем бірлігі	Көлемі	Адам санына уақыт нормасы адам-с. (маш.-с)	Адам санына еңбек шығындары адам-с. (маш.-с)
Негізгі жұмыстар					
1	Желім ерітіндісін және жіктерді ысқылауға арналған қоспаны дайындау	100 кг	0,868	0,56 (0,24)	0,486 (0,208)
2	Керенені орнату	100 м	1,0	18,92	18,92
3	Керамогранит тақталарының кеспесі механизацияланған	100 м кеспе	0,1	21,94 (10,0)	2,19 (1,0)
ЖИЫНЫ (Электр бұрғысы , тақталарды кесуға арналған станок):					21,596 ад.-с (0,208/1,0 маш.-с)
Қосалқы жұмыстар					
4	Материалды автокөліктен объект жанындағы қоймаға 10 т жүк көтеретін автомобиль кранымен түсіру (керамогранит, құрғақ желім қоспасы, фуга)	т	0,275	0,22 (0,11)	0,061 (0,030)
5	Материалды объект жанындағы қоймадан автокөлікке қолмен тиеу (керамогранит, құрғақ желім қоспасы, фуга)	т	0,275	0,53 (0,53)	0,146 (0,146)

Кесте (жалғасы)

Жұмыстар көлемі - 100 м керене

№ р/с	Жұмыстар атауы	Өлшем бірлігі	Көлемі	Адам санына уақыт нормасы адам-с. (маш.-а)	Адам санына еңбек шығындары адам-с. (маш.-с)
6	Материалды автокөліктен беру орнына қолмен түсіру (керамогранит, құрғақ желім қоспасы, фуга)	т	0,275	0,44 (0,44)	0,121 (0,121)
7	Материалды көтергішпен жұмыс жүргізу орнына 15 м орташа биіктікке беру (керамогранит, құрғақ желім қоспасы, фуга)	1 т	0,275	0,496 (0,124)	0,136 (0,034)
8	Материалды көтергіштен жұмыс жүргізу орнына қол арбаларымен 30 м-ге дейін орташа аралыққа тасымалдау	1 т	0,275	1,1	0,303
ЖИЫНЫ (Кран, автомобиль, көтергіш):					0,767 адам.-сағ. (0,030/0,267/0,034 маш.-сағ.)
БАРЛЫҒЫ (Электр бұрғысы, тақталарды кесуға арналған станок, кран, автомобиль, көтергіш):					22,363 адам.-сағ. (0,208/1,0/ 0,030/0,267/0,034 маш.-сағ.)

22,363 адам-сағ. – бар жерде – жұмысшы-құрылысшылар еңбегінің шығындары;

0,208 маш.-сағ.– электр бұрғысы-миксерін пайдалану;

1,00 маш.-сағ.– керамогранит тақталарын кесуге арналған станокты пайдалану

0,030 маш.-сағ.– 10 т жүк көтеретін автомобиль кранын пайдалану;

0,267 маш.-сағ.– 8 т жүк көтеретін автомобильді пайдалану;

0,034 маш.-сағ.– 1 т-ға дейін жүк көтеретін көтергішті пайдалану.

Содержание

1 Общие положения.....	31
2 Область применения.....	31
3 Нормативные ссылки.....	32
4 Характеристики основных применяемых материалов и изделий.....	34
5 Организация и технология производства работ.....	35
6 Потребность в материально-технических ресурсах.....	46
7 Требования к качеству работ.....	50
8 Техника безопасности и охрана труда.....	54
9 Калькуляции затрат труда.....	57

**БЕЛГІ ҮШІН
ДЛЯ ЗАМЕТОК**

ТЕХНОЛОГИЧЕСКАЯ КАРТА ПРОИЗВОДСТВА РАБОТ ПО УСТРОЙСТВУ ПОЛА ПЛИТАМИ ПОВЫШЕННОЙ ПРОЧНОСТИ ИЗ КЕРАМОГРАНИТА

Дата введения 2013-05-01

1 Общие положения

1.1 Технологическая карта производства работ по устройству пола плитами повышенной прочности из керамогранита разработана в соответствии с требованиями действующих нормативных технических документов (НТД) для применения на строительных объектах Республики Казахстан.

1.2 Технологическая карта предназначена для обеспечения строительства рациональными решениями по организации, технологии и механизации строительных работ.

1.3 В технологической карте рассматривается устройство полов из плит керамогранита повышенной прочности по готовому основанию, с применением сухих клеевых смесей.

1.4 Технологическая карта содержит следующие разделы:

- область применения;
- нормативные ссылки;
